



www.jasqazaq.kz

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖАСТАР АПТАЛЫҚ ГАЗЕТІ

Газет
2005 жылдың
7 қаңтарынан
шыға бастады

№24

(908)

24 маусым

2022 жыл

28 МАУСЫМ – БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ



Мерейін үстем болсын, әріптестер!

ӘЛЕУМЕТ

АЛАҢДАМАҢЫЗ, «АРТ СПОРТ» ЖАЛҒАСАДЫ

Күні кеше Орталық коммуникациялар қызметінде журналистердің сауалына жауап берген мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев көптің көкейіндегі күпті сауалдың жауабын айтты.

Абың-күбін әңгімесі басылмай тұрған «Арт спорт» бағдарламасының негізінде былтырдан бері елімізде мыңдаған жеткіншек спорт түрлерімен шұғылданып, салауатты өмір салтын ұстанып, кәдімгідей төселіп қалып еді. Бірақ осы акжолтай бағдарлама бір жылдан кейін бұлынғыр тартып, бөлінген қаражаты да тиісті жеріне жетпей жырымдалып берекесі қашты. Ата-аналардың да алаңдайтын жөні бар. Бір үйде кемінде үш баласы бар отбасы ақылы спорт үйірмелеріне жазыла алмайтыны белгілі. Осындайда он жамбасқа деп келген «Арт спорттың» арқасында тегін үйірмелерге қатысып, бір серпіліп қалған. Кәсіби спортшы атанбаса да, бұлшық еті босамай, сергек жүруіне септесетін тамаша бағдарлама десті.

(Жалғасы 2-бетте)



БІЗДІҢ СҰХБАТ

Шерағаң, Шерхан Мұртазаның тәмсілге тартылып кеткен «Журналистердің жегені жантақ, арқалағаны алтын» деген сөзі қоғамда салмақтылығын аңғарта түседі. Жалаң аяқ, жалаң бас, қызыл асықтан қар көшіп, сан етінен сыз баса жүріп, от пен судың ортасынан табылатын осы бір «төртінші билік» өкілдері маусымның соңын ерекше күтеді. Өйткені 28 маусым – Журналистер күні. Кәсіби мерекеміз қарсаңында білікті журналист, көрнекті публицист, сөз зергері, Мәжіліс депутаты Мейрамбек Төлепберген мырзаға сұрақ қойып, илеп жүрген саламыздың қазіргі тамыр соғысы мен тынысы турасында әңгіме өрбіттік.

Мейрамбек ТӨЛЕПБЕРГЕН,
Мәжіліс депутаты:

ЖУРНАЛИСТ МЕМЛЕКЕТТІК МҮДДЕГЕ ЖҰМЫС ІСТЕУІ КЕРЕК



Jas qazaq: Мейрамбек аға, ең алдымен, кәсіби мерекенізбен құттықтаймыз. Жаратқаннан берілген ерекше сый — жазу өнері жайында әңгіме өрбітсек деп хабарласып отырмын. «Әлкиссамызды» өзегіне өрт қойсаң, қаулап ала жөнелер мәселенен бастасак. Еліміздің «БАҚ туралы» заңында журналистердің мәртебесі де, кепілдіктері де жоқ. От пен судың ортасында жүрген жалаң аяқ журналистер мемлекеттік қызметкер, я болмаса бюджеттік мекеменің өкілі болып саналмайды. Былайша айтқанда, арнайы статусы да жоқ. «БАҚ-тың ықпалынсыз қоғамды демократияландыру мүмкін емес» дегенді айтып еді Сенаттағы әріптесіңіз, белгілі қаламгер Нұртөре Жүсіп. Қоғамға ақпарат тарату ісінде алдыңғы шепте жүретін журналистердің арнайы мәртебе алатын уақыты әлдеқашан жетті емес пе?

Мейрамбек Төлепберген: Журналистика деген мәртебелі мамандық бір күнде пайда бола салған жоқ. Арғы атасына, тарихының тереңіне бойламай-ақ, қазақ журналистикасының қазыналы тұңғығына тереңдей еңсеніз де жетеді. Қазақ журналистикасы деген ұғым қалыптасқалы Мұхамеджан Сералиндердің заманынан бері қарай қаншама журналистер қанат қағып ұшты. Кешегі өткен заманда да журналистердің орны, салмағы ерекше болды. Олардың атқаратын қызметі мен арқалайтын міндеті ұғынықты. Ел тәуелсіздігін алғаннан кейін де мемлекеттің нығаюына, идеологияның иіні қана иленуіне, пісіп-жетілуіне, тарам-тарам болмай, тұтастай ұйыса тарауына бірден-бір күш салып, қозғау берген журналистер емес пе! Идеологияның ең негізгі тұтқасы журналистердің қолында ғой. Саяси сала ғана емес, рухани, мәдени, әдеби, білім мен ғылым, спорт пен медицина, тағы да аталмаған қаншама сан тарау өріс бар, журналистиканың жұғыспайтын арнасы бар дей аласыз ба? Осындай ауыр аманатты арқалай жүріп, қауіп пен қатерге толы мамандық иесі атанған әріптестеріміз арнайы статуска ие болып, мәртебе берілуін журналист ретінде, Мәжіліс депутаты есебінде де қолдаймын.

(Жалғасы 3-бетте)

ХАБАРЛАМА

АЛАКӨЛГЕ ҰШАҚПЕН ЖЕТУ ОҢАЙ



10 шілдеден бастап Нұр Сұлтан – Ушарал, Алматы – Ушарал, Талдықорған – Ушарал, Алматы – Ушарал – Зайсан бағытында әуе рейстері ашылады.

Қазір әуежайдың ұшу-қону алаңы жеңдеуден өтіп жатыр. Жеңдеуден кейін әуежай Boeing әуе кемелерін де қабылдай алады. Осылайша Алақөлге күніне 500 адамның әуе жолдары арқылы келуіне мүмкіндік жасалып отыр.



БИРЖАМЕТР

МУНАЙ (brent)
111,47

DOLLAR
470

EURO
490

РУБЛЬ
7,8



**JAS QAZAQ
ГАЗЕТІНІҢ
TELEGRAM-
КАНАЛЫНА
ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!**

БИЛІК

Есеп комитетінің төрайымы Наталья Годунова бюджетті бір жылдық жоспарлауға қайта оралу керектігін мәлімдеді. Оның айтуынша, үш жылдық бюджет тиімсіз, оны әзірлеуге де көп уақыт кетеді.

Осы аптада Парламенттің қос палатасының басқосуында Есеп комитетінің басшысы мемлекеттік бюджетпен байланысты біраз түйткілдің бетін ашты.

Тартылған 1 теңге инвестицияға мемлекет міндеттемесі 2,1 теңге. Көптеген жоба бойынша мемлекеттік міндеттеме жоба шығынын жауып отыр. Сайып келгенде, жеке меншік компания мемлекеттік заемшы есебінде. Нысан құны да әдетте асырып көрсетіледі. Осы орайда бюджетке түсетін ауыртпалықты кезең-кезеңімен азайту керек.

Үшіншісі — үш жылдық бюджеттен бір жылдық бюджетке көшу. Оның тиімділігіне жоғарыда тоқталып өттік.

Төртіншіден, мемлекеттік қолдауды азайту. Өйткені қазір мемлекет тарапынан

жұмсалып кетті. Бұл карантин шектеулерімен және мұнай бағасының әлемдік нарықта құлдырауымен байланысты. Кім не десе де, Ұлттық қор елімізді тығырықтан алып шықты. Қордағы ақшаның жұмсалыуына қатысты өткенде депутаттар тарапынан да, экономистер тарапынан да талай сын айтылғаны белгілі. Сондықтан алдағы кезде қор қаржысына қол жүгірте бермей, әлемдік нарықта «қара алтынның» бағасы көтерілкі кезде барынша толтырған дұрыс.

«Шикізатқа тәуелділіктен арылып, табыс табудың жаңа көздерін ашу қажет» деген

БЮДЖЕТ, ҰЛТТЫҚ ҚОР ЖӘНЕ ҚАРЖЫНЫ ТИІМДІ ЖҰМСАУ

Наталья Годунованың айтуынша, үш жылдық бюджет өзін ақтаған жоқ. Аймақтардағы әкімшіліктер де, орталықтағы мемлекеттік органдар да әр жылғы бюджетті жоба бойынша жіктеп-жіліктеп дайындауға көп уақыт жұмсайды. Ал орындау барысында бірінші жылдың бюджеті ғана нақтыланып, түзету енгізіледі. Қалғанына ешкім үңіліп жатпайды. Үш жылға дейін кім бар, кім жоқ демекші, бастапқыда белгіленген кей міндеттер ұмыт қалады. Ақырында аяқталмай қалған, қаржыландыру жағы қамтамасыз етілмеген нысандар пайда болады.

Оның үстіне әлемдік экономика сәт сайын құбылып тұрған бүгінгі заманда бюджетке жиі-жиі өзгеріс енгізуге тура келеді. Сондай-ақ бір жылдық бюджет уақыт пен адам ресурсын үнемдеуге мүмкіндік беретін еді. Дегенмен мұндай ұсыныс жасалды екен деп, үш жылдық бюджеттен бас тарта салмайтыны белгілі. Н.Годунованың айтуынша, бұл мәселе әлі де талқылауды қажет етеді. Әрі заңнамаға түзету енгізу керек. Қаржы пирамидасын насихаттаған жандарды жауапқа тарту туралы заңды енгізудің қанша уақытқа созылғанын еске түсірсек, Годунованың бұл ұсынысы жуық арада жүзеге аса қоймас.

Есеп комитетінің басшысы бюджетті жоспарлауға қатысты бірнеше ұсынысын ортаға салды.

Біріншіден, Ұлттық қордан трансфертті азайту. Мәселен, 2021 жылы Ұлттық қордан 4,5 трлн теңге алынды. Сол жылғы түсім 4,3 трлн теңгені құрады. Ал заң бойынша, тұжырымдамада қарастырылған бағыттарға ғана Ұлттық қордан трансферт бөлінуі тиіс. 30 пайыз көлеміндегі қордағы қалдық қаржыға қол сұғылмауы керек.

Екіншіден, мемлекеттік-жеке меншік серіктестік (МЖМС) саласындағы қарызды қысқарту. Есеп комитетінің басшысы келтірген дерек бойынша, қазіргі кезде МЖМС шенберінде 812 жоба жүзеге асырылуда. Еліміз бен аймақтардың ол бойынша қарызы 1,6 трлн теңгеге жетті. Жалпы сомасы 1 трлн теңгеден асатын 150 жоба бойынша жұмыс жүріп жатыр.



көрсетілетін қаржы көмегі қомақты. Тек бір жылда 4,5 трлн теңгеге 277 салық жеңілдігі мен преференция беріледі. «Бәлкім, жеңілдетілген несиелеуден гөрі екінші деңгейлі банктердің мөлшерлемесін, соның ішінде ұзақ мерзімді несиелеуде субсидиялаған дұрыс шығар? Онда өндіріс секторын шамамен 5 есе мемлекеттік қолдаумен қамтуға болар еді», — деді Годунова.

Бесіншіден, аймақтар арасындағы теңсіздікті азайту. Ағымдағы жылы жоспар бойынша донор аймақтардан 490 млрд теңге алу жоспарланған. Ал бағытталатын трансфер — 712 млрд теңге. Бұл сома алымнан 45 пайызға көп. Осы орайда Годунова Үкіметке 2023 жылы жаңадан құрылған үш облыстың үлгісінде әлгіндей теңсіздікті жоятын бюджет құру жөніндегі ұсынысын жеткізді.

2020 жылғы пандемия кезінде Ұлттық қорға сол жылы түскен қаржының 90 пайызы

Годунованың ұсынысы бұрыннан айтылып жүр. «Мұнай-газ секторына тәуелділік төлем балансының нашарлауына және ұлттық валютаның тұрақтылығына қауіп төндіреді» деген ол кәсіпкерлікті, әсіресе, өнеркәсіп өндірісін дамытуға күш салу керектігін тағы да ескертті.

Ал бюджет қаржысын тиімді жұмсау — өз алдына бір бөлек әңгіме. Бюджет қаржысын игермегені үшін «таяқ жейтінін» білетін мемлекеттік органдар қайтсе де орындауға ұмтылады. Ал оның нәтижесіне қарап жатқан ешкім жоқ. Мәселен, 2020 жылы бюджеттен бөлінген 570 млрд теңге тиімсіз жұмсалған. Осы орайда Есеп комитетінің басшысы: «Бюджет қаржысын тиімсіз пайдаланғаны үшін лауазымды тұлғаларды жауапқа тартуды күшейту жұмысын жалғастыру қажет», — деп атап көрсетті.

Талан ТЛЕГЕН

Әлеумет.т⁰

(Басы 1-бетте)

АЛАҢДАМАҢЫЗ, «АРТ СПОРТ» ЖАЛҒАСАДЫ

Дау-шарлы шаруаға қатысты сөйлеген сөзінде министр Абаев бұй деді: «Қазақстанда оқушылардың арасында 2 миллионы дене шынықтыру және спортпен шұғылданады. Осының негізінде балалардың спорт үйірмесіне жазылып, секцияға қатысуы 73 пайызға жетіп отыр. Бұдан сырт, бүгінде 500 мыңға жуық қаржыландыру негізінде 15 мыңнан астам үйірме мен секцияға барады». Дегенмен бұл еліміздегі жеткіншектердің барлығын бірдей бұқаралық спортқа тартылғанын білдірмейді. Онда қайтпек керек? Әрине, бұқараның сұранысын айтарлықтай өтеген «Арт спорт» бағдарламасын жалғастыру қажет. Министр де осыны ашып айтты. Енді қаржыландыру көзін әр өңірдің әкімдері өздері тауып, аймақтағы балалардың бұқаралық спортпен шұғылданыуына жағдай жасауы тиіс.

«Арт спорт» бағдарламасы не үшін қажет, өзін-өзі ақтаған жоба ма?» деген сауалға әлі де бас ауыртушылар көп. Өз басымыздан өткен кепті айтайық. Біздің тұңғыш қызымыз бен кенже ұлымыз осы бағдарламаның аясында бассейнге, таэквондо үйірмесіне жазылды. Қызымыз бес ай қатысып, жүзуді үйренді. Бойы да сымдай тартылып, кәдімгідей өсті. Жүзуге жазылғалы уақытты тиімді пайдалануды, тәртіпке бағынуды, сергек жүруді ғадетке айналдырды. Жаңа жыл жақындағанда ондағылар «Арт спорттың ақшасы аударылған жоқ» деп арқамыздан қағып шығарып салды. Таэквондо үйірмесі әлі де жұмыс істеп, балақайларды спортқа баулып жүр.

Біз бұған дейін елімізде бұқаралық спортты дамытып, салауатты өмір салтын ұстанамыз дегенді жалаң ұран, жалған жетістікке жамап келдік. Статистикалық көрсеткішті көрсеніз, елдегі жасы да, жасамысы да спортпен түбегейлі шұғылданып, бұқаралық салауаттылықты сақтап жүргендей әсер қалдырады. Шынтауытанда, олай емес. Ал енді «Арт спорт» секілді арнаулы бағдарламалар өзінің миссиясын толыққанды орындағанда ғана біз халықтың жаппай спортпен шұғылдануға бет бұрғанына көз жеткізе аламыз. Дегенмен осы аралдан да бір кілттипан қылтияды. Оны журналистердің жан-жақтан қарша боратқан сауалына жауап берген министрдің өзі де айтты. «Осы күнде бір бала мектептегі үйірмеге, «Арт спорт» арқылы да секцияға жазылады және шығармашылық үйірмеге қатысуы мүмкін. Біз бұдан былай әр балаға «Арт спорт» бойынша тек бір секцияны ғана таңдауды ұсынамыз». Министрдің сөзінің жаны бар. «Арт спорттағы» орын шектеулі, әсіресе, Алматы секілді ірі мегаполисте. Пысықайлар бір баласын спорттың бірнеше түріне, үйірменің де әрқайсысына жаздырып қояды. Ал басқа балаларға орын жетпей жатады. Мұның арты әлгіндей даулы мәселенің тұтануына әкеп соғады. Үйіндегі баласын тегін үйірмеге жаздырарда ата-ананың да ынсабы оянуы керек. «Өз балам өтсе болды, өзгенікі маңызды емес» деген арам пиғылдан арылған абзал. Әр бала бір спорт үйірмесіне жазылса, соның өзі үлкен олжа.

Бұқаралық спортты дамытуға күш саламыз деген сала басшысы ірі қалаларда ғана емес, аудан, ауылдарды да қамту негізінде үш мыңнан астам жаттықтырушы жұмыспен қамтылғанын жеткізді. Былтыр мектеп ішілік жарыстар, студенттер арасында лига ұйымдастырылды. 2024 жылға дейін жоспарланған бағдарламаны іске асыру мақсатында аймақтардың спортына көтеру негізінде 21 миллиард теңге бөлінбек. Қисапсыз қаржы бөлінген жерде жемқорлықтың да жетікұрты бас көтереді. Талан-таража салмай, халықтың салығынан түскен қаржысын өзінің игілігіне айналдырсақ, «Арт спорттың» төңірегінде айқай шықпайды.

Қуаныш РАХМЕТ

Аптаның жанайқайы

Сәлімжан НАҚПАЕВ,
Мәжіліс депутаты:

«Атырау-Астрахань» жолының маңыздылығы көптен айтылып келе жатыр. Бұл жолмен Атырау қаласына 100 мыңнан аса халқы бар Исатай, Құрманғазы аудандарының тұрғындары қатынайды және көрші Ресей елінің Астрахань облысымен сауда-саттық, туризм, тұрмыстық



қарым-қатынастар жасалады. Жоспар бойынша 2019 жылдан басталып, 2022 жылы толық аяқталуы тиіс бұл жол жоба жасаушылардың білімсіздігінен, оны қадағалайтын тиісті министрліктің салғырттығынан 2023 жылға көшіктірілді. Трасса бойында 50-60 шақырым болатын, әлі де жөнделмеген бөліктер бар. Жолға керекті қаражат халықаралық қаржы институттары арқылы толық шешілген. Мөрдiгер саны бiз бiлетiн жерде төртеу, олардың жалдаған субмөрдiгерлерi одан да көп. Ең бастысы, министрлік жұмысты ұйымдастыра алмай отыр».

Сөз-Жебе

Аманжан ЖАМАЛОВ, Мәжіліс депутаты:

«Бүкіл әлемде бағаның өсіп жатқанына меңзейді. Үкіметке сілтеп, «контрциклдық бюджет ережесі» нәтижесінде инфляция 2024 жылы төмендейді деп үеде береді. Түсінікті тілге аударсақ, бұл мәселе өз-өзінен шешілуі тиіс. Қысқасы, Ұлттық банкті түсіну қиын. Базалық мөлшерлемені 14 пайызға көтерді де, бағаны ұстап тұруға көмектестік деп ойлайды».



Кесте

ҚҰМШЕКЕРДІҢ БАҒАСЫ

(2022, маусым)

Нұр-Сұлтан	470 тг
Алматы	507 тг
Шымкент	461 тг
Маңғыстау облысы	447 тг
Ақтөбе облысы	429 тг
Атырау облысы	496 тг
Ақмола облысы	492 тг
Қарағанды облысы	474 тг
Қостанай облысы	478 тг
Қызылорда облысы	491 тг
Батыс Қазақстан облысы	487 тг
Шығыс Қазақстан облысы	470 тг
Павлодар облысы	462 тг
Солтүстік Қазақстан облысы	432 тг
Алматы облысы	466 тг
Жамбыл облысы	471 тг
Түркістан облысы	485 тг

Дереккөзі: Сауда және интеграция министрлігі

Аптаның ұсынысы

Ақылбек КҮРІШБАЕВ,
Мәжіліс депутаты:



«Қазіргі мемлекеттік білім гранттарын берудің жүйесінен аз қамтылған отбасылардан шыққан көптеген талантты бала, дарынды ауыл жастары жоғары білім алудан тыс қалып отыр. Елімізде жоғары оқу орындарында білім алу көбінесе элитарлы сипат алуға. Сондықтан бізге шетелдік жетекші университеттердің тәжірибесін негізге ала отырып, қазақстандық жоғары оқу орындарына түсу шарттарын жетілдіру маңызды. Ең бастысы, білім беру гранттарын, әсіресе, стипендияларды тағайындау кезінде дамыған елдердегідей білім алушы отбасының табыс деңгейіне баса назар аудару қажет. Жаңа әділетті Қазақстанда осылай болуы керек».

Біздің сұхбат

(Басы 1-бетте)

Jas qazaq: Бұған тағы айналып соғамыз. Журналистердің әлеуметтік мәселесі де айтуға ұят. Әсіресе, газет-журналдардағы журналистердің жалақысы. Бұл, әлбетте, газеттердің қаржысымен байланысты. Қазақ баспасөзінің жағдайын көтеруге байланысты қандай ұсыныс айтар едіңіз? Мәселен, мемлекеттік субсидия берілу керек деген мәселе көтеріліп жатыр.

Мейрамбек Төлепберген: Шераған айтқандай, журналистер әлі де жантақ жеп жүр, арқалағаны

дегеніне жүргізгісі келеді. Жалпының емес, жеке басының мүддесін көздеп, құлқынының қамын күйттейтіні ақиқат. Әрине, әлеуметтік желінің арсеналын, күш-қуатын ешкім жоққа шығармайды. Бірақ блогер болдым екен деп жеке бастың мүддесін аяққа таптап, ар-ожданды опыра беруге болмайды. Жазу өнері бойына дарыды ма, қаламыңды қиянаттың қып-қызыл шоғына қари беруге болмайды. Жалған сөйлеп, өтірік таратпау керек. Осыған жол бергендер кім болса да жазаға тартылуы тиіс. Ақпаратты анық-қанығына

” БАСПАСӨЗ ҚҰРЫМАЙДЫ, САҚТАЛАДЫ. БІРАҚ ТАРАЛЫМ ТӨМЕН ТҮСІП, ОҚЫЛЫМ ҚҰЛДЫРАДЫ. БІЗДІҢ ЕЛДЕ ӘЛІ ШАЛҒАЙ АУЫЛДАРДЫҢ БАРЛЫҒЫ БІРДЕЙ ҒАЛАМТОРМЕН ҚАМТЫЛДЫ ДЕП АЙТА АЛМАЙСЫЗ. ӨҢІРЛЕРДЕ ГАЗЕТ-ЖУРНАЛДАРДЫҢ ОҚЫЛУЫН КӨТЕРІП, ТАРАЛЫМЫН АРТТЫРУДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛУЫ КЕРЕК. ОСЫНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРҒАНДА ЖУРНАЛИСТЕРДІҢ ТӨККЕН ТЕРІНІҢ ӨТЕУІ АҚТАЛАДЫ.

Мейрамбек ТӨЛЕПБЕРГЕН, Мәжіліс депутаты:

ЖУРНАЛИСТ МЕМЛЕКЕТТІК МҮДДЕГЕ ЖҰМЫС ІСТЕУІ КЕРЕК

алтын, бірақ. Журналистерге арнайы статус берілуін қоғамда дүркін-дүркін көтеріп, айтып жүр. Сенаттағы әріптесіміз Нұртөре Жүсіп те осы мәселені Үкімет басшысына арнайы жолдап, шешу жолдарын да ұсынды. Журналистерге де полиция қызметкерлері секілді статуска ие болып, жеңілдіктер берілсе, құқықтары қорғалса деген ұсыныс айтылып келеді.

Мәжілістен мандат алып, депутаттық міндетті арқалағалы қаламақы мәселесін шешудің жолын ұсынып, осы бағыттағы шырмауықтай шырмаған кедергілермен күресіп келеміз. Ол қандай мәселе деніз? Мысалы, үшін мемлекеттік тапсырыспен облыстық телеарнаның бюджетіне 150 миллион тенге аударылды дейік. Осы соманың 10 пайызы телеарнадағы журналистердің қаламақысына жұмсалуды керек. Осыны дабырайтып тұрып жазып қою керек. Журналист жантақ жемеуі үшін оның әлеуметтік материалдық жағдайы жақсы болуы керек қой. Мемлекеттік сатып алудан түскен қаржының белгілі бір пайызы қаламақыға бөлінсе, ол қаржыдан авторларға да жазған дүниесінің салмағы мен сапасына қарай қаламақы берілсе, қанаттандырай ма? Телеарна мен радиодағы хабарға, бағдарламаға барып, сарапшы болған авторлардың айтқан сөзінің респетіне қарай да қаламақы төленсе, оларға үлкен қамшы болар еді. Аузы дуалы адамның айтқан екі ауыз сөзі қоғамда үлкен қозғау салуы мүмкін. Сондықтан қаламақы мәселесін онтайлы жолмен шешпей, түйткілдің түйіні ұлғая береді. Жасыратыны жоқ, аймақтардағы мерзімді басылымдарда самдағай журналистерге зәрулік туа бастады.

Jas qazaq: Күні кеше Ұлытауда өткен құрылтайда Президент шенеуніктердің блогерлерге барын тосатынын да сын нысанасына шығарды. Бүгінгінің блогерлері арасында төртінші билік деген атты жамылып алып қорқаудың тірлігін істейтіндер көп. Бопсалауға әуес, дауға дабыра қосуға құмар.

Мейрамбек Төлепберген: Орынды айтып отыр Президент. Жасыратыны жоқ, өңірдің әкім-қаралары халықтан қаймықпайды, ал төрт блогер барса, алдында тапырақтап кетеді. Солар үшін жік-жапар болып, жайылып жастық, иіліп төсек болуға даяр. Солардың жастық, иіліп төсек болуға даяр. Солардың басқан ізін бағып, әлеуметтік желідегі жазғандарын қалт жібермей

жетпей, байыбына бойламай таратып жіберу мәдениеттіліктің белгісі емес, ол қоғамның да көзқарасын өзгертеді. Ашықтық керек дейміз де, өзіміз осындай қаламға барғанымыз жарамайды. Журналистің абыройы қоғамның, сені қоғамды құрушы халықтың сол імі нығайғанда ғана артады.

Ертеректе журналистер өзінің жазған соқталы төрт-бес түйіндысын газет-журнал бетінде жариялап, сүйекті бағдарлама, қабарын эфирден көрсету арқылы қоғамға кенінен насихатталып, таралатын. Қазір қалай, оқылым күрт төмендеді. Өзгеден қалай талап етесін, өзінің саландары жас буынның арасында газет-журнал оқытқындары некен-саяк. Қазақстан бұрын кітап оқитын алдыңғы лектегі 10 елдің қатарында деп мақтанғанда айыл бауымыз үзіле жаздайтын, ал қазір қою шаңның ішіндеміз. Баспасөз құрымайды, сақталады. Бірақ таралым төмен түсіп, оқылым құлдырады. Біздің елде әлі шалғай ауылдардың барлығы бірдей ғаламтормен қамтылды деп айта алмайсыз. Өңірлерде газет-журналдардың оқылуын көтеріп, таралымын арттырудың мемлекеттік бағдарламасы іске қосылуы керек. Осыны жүзеге асырғанда журналистердің төккен терінің өтеуі ақталады.

Jas qazaq: Соңғы бір-екі жылдан бері «Алматы жастары» бағдарламасына журналистер де қосылды. Бірақ бұл барлық журналистердің үй мәселені түбегейлі шешеді деген сөз емес, Өйткені онда лимит бар. Ірі құрылыс компаниялары неге журналистер үйін салмасқа? Қажет болса, солардың жарнамалық жұмыстарын да, басқа да жылт еткен жаңалықтарын жарияға шығаратын да журналистер ғой. Салған үйін олар тегін таратпай-ақ қойсын, ондай май шелпектің болмайтыны да анық. Бірақ арнайы жеңілдіктермен, аз жалақымен де үй рәсімдеуге мүмкіндік туғызса, әлеуметтік мәселенің ішіндегі ең соқталысы шешілетін еді. Құрылыс компаниялары тек журналистерді ғана емес, суретшілер, акын-жазушылар, өнер майталмандары, жалпы шығармашыл жастарды қолдау қажет. Бәрінің де айналып табатын қазығы — өнер. Қоғамда

” ӨҢІРДІҢ ӘКІМ-ҚАРАЛАРЫ ХАЛЫҚТАН ҚАЙМЫҚПАЙДЫ, АЛ ТӨРТ БЛОГЕР БАРСА, АЛДЫНДА ТАПЫРАҚТАП КЕТЕДІ. СОЛАР ҮШІН ЖІК-ЖАПАР БОЛЫП, ЖАЙЫЛЫП ЖАСТЫҚ, ИІЛІП ТӨСЕК БОЛУҒА ДАЯР. СОЛАРДЫҢ БАСҚАН ІЗІН БАҒЫП, ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕГІ ЖАЗҒАҒДАРЫН ҚАЛТ ЖІБЕРМЕЙ ОҚЫП, ЕСЕП БЕРІП ОТЫРАДЫ. БҰЛ ЕНДІ СОРАҚЫЛЫҚ ЕМЕЙ НЕМЕНЕ.

оқып, есеп беріп отырады. Бұл енді сорақылық емей немене. Ал енді Мемлекет басшысы айтқандай, жауапкершіліктен жүрдай сол блогер дегендеріңіздің кейбірі, кейбірі емес-ау басым көпшілігі әкім біткеннің үрейін ұшырып, алақанында қақпақылап,

журналистер де әділетті көзқарас өте зәру және оны қалыптастыру керек.

Мейрамбек Төлепберген: Талантты мойындау деген бар, жер-жерде талантты, өзін мойындатқан, көпті сөзге тоқтата білетін журналистерге жергілікті кәсіпкерлер болсын, басқа да демеушілер тарапынан арагілік сый-сияпат жасалып жатады. Дегенмен де журналистердің үй мәселесі, әлеуметтік-материалдық қажеттілігін өтеудің түйткілі таркатылуы керек.

Jas qazaq: Журналистердің мәртебесінің төмендігіне кейде өзіміздің кәсіби қызметімізге деген жауапкершілікті сезінбеу де әсер етпей ме? Сайттарды ашып қараныз, ақпараттық аласапыранда жазуға тиісті емес жайттар да «жырға арқау болып» жатады.

Мейрамбек Төлепберген: «Ат тұяғын тай басатыны» белгілі. Ендеше алдыңғы толқыннан кейінгі жас буын үлгі алуы керек, бағыт-бағдарын солардың сорабына қарап

түзеуі тиіс. Аға буын мен кейінгі толқынның ортасында байланыс бар ма? Жас журналистердің арасындағы рухани бөсекелестік, жазу машығындағы әдеби көркем майдан бар ма? Мысалы, Шерхан Мұртаза бұрынғы «Лениншіл жас» қазіргі «Жас Алаш» газетінде редактор болып тұрған шағында қаншама талантты жастарды қанатының астына алып, баптап ұшырды. Аға буын әлі де аныз етіп айтады, бір жиында түйенің ботасына қатысты бір әңгіме таркатылады. Ертеніне редакцияда істейтін Оралхан Бөкей мен Кәдірбек Сегізбаев кешегі естіген әңгіменің желісімен шығарма жазып әкелген. Екеуінің естігені де бір оқиға, бірақ шешімдері, байламдары, ой тоқтатуы жеке-дара. Қандай талант, ә! Бір түнде әңгіме жазып әкеліп, бірі «Лениншіл жаста», екіншісі «Жұлдыз» журналында жарияланған. Екеуінің де жазғанының арғы түкпірінде ұлттың мүддесі, тілдің өміршеңдігін өлтіріп алмау мәселесі жатыр. Өзің айтқандай, болмайтынды «жырға арқау етпей» жас буын өзара бөсекелестік орнатып, алдыңғы толқынның мектебінен тәлім алса, одан кеміп қалмайды, керісінше, рухани кемелдене түседі. Кезінде Шерхан Мұртаза мен Камал Смайылов газет бетінде бір-біріне хат жазысты. Екеуі замандас, рухтас, жолдас болған адам. Бір-бірін күнде көріп, дастарханда басы тоқайласып жүрген жандар. Бірақ екеуі ұлттың ұпайы, мемлекеттің бүтіндігі, тәуелсіздіктің тұтастығы дегенде шығарға жаны бөлек екенін жазысқан хаттарында көрсетті. Оқырманды тартудың төте жолын да осылай қалыптастырды. Оқып шықсаныз, қоғамның қоясын қалай қасқайып тұрып ақтарғанына куә боласын. Сондықтан журналистердің біліктілігі, ой-өресі өскенде ғана қоғамды өзіне қаратып, халықты өзімен санастыра алады.

Жана Қазақстанда негізгі құндылық — идея мен идеология. Осы екеуінің септесуі әмәнда керек. Идеяның жанды болуы оның идеологиясына байланысты. Жауапты мемлекет, жауапты қоғам, жауапты азамат — осы қағида балталасаң да бұзылмай, бұтарланбай жұмыс істеуі керек. Оның жұмысын жарияға жар салып көрсететін — әрине, журналистер. Ендеше, олардың мүддесі қорғалып, мәртебесі айқындалуы керек.

Jas qazaq: Әңгімеңізге рахмет, аға!

Сұхбатасқан Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ

1 Ауыл әкіміне ҮШ СҰРАҚ 2

Алматының іргесіндегі Жаңатұрмыс, Абай, Райымбек ауылдық округіне қарайды. Жыл сайын тұрғын саны көбейіп келе жатқан осы елді мекендерде түйіні шешілмеген мәселелер бар. Тұрғындардың сауалына Райымбек ауылдық округінің әкімі Елжан Төленбаев жауап берді.



Jas qazaq газетінің арнайы жобасы

1 **Айдос ЖҰМАБЕК, Жаңатұрмыс ауылының тұрғыны:**



— Біздің ауылдағы ең негізгі мәселе — су тапшылығы. Әсіресе, жаз мезгілінде сусыз қаламыз. Жер үй болғандықтан, бау-бақша егіп, жеміс-жидек өсіргіміз келеді. Оған су жоқ. Бұл ауылда он жылдан бері тұрамын. Бастапқыда су тапшылығы болмайтын. Соңғы үш жылда су азайып, биыл, міне, мүлде бітуге айналды. Құзырлы орындарға ауыл болып өтініш айттық, бүгінге дейін тұшымды жауап ала алмадық. Су мәселесі шешімін таба ма?

! ӘКІМНІҢ ЖАУАБЫ:

— Әрине, біз бұл мәселемен жақсы таныспыз. Бүгінде округке су беріп отырған «Ақсай» су жинақтау тоспасындағы су резервуарлары біршама келеңсіздіктерге тап болды. Бұл мәселені шешу үшін әкімдік тарапынан жаңа құбырлар орнату, оларды басқа резервуарға қосу сынды жұмыстар жүргізілуде. 15 шақырымдық су құбыры тартылды. Сонымен қатар 1500 текше метрлік екі су қоймасына тазарту жұмыстары жүргізілуде. Алдағы уақытта Жаңатұрмыс, Қырғауылды ауылдары сумен қамтамасыз етіледі.

2 **Жалғас ДЕМЕУОВА, Абай ауылының тұрғыны:**



— Абай ауылында 30 жылдан бері тұрамын. Біз тұратын Ә.Молдағұлова мен Алатау көшелері күні бүгінге дейін жөндеу көрмеді. Қазір жаз мезгілі болғандықтан, жолдың азабы аса білінбейді. Шаны аспанға көтеріліп жатыр. Ал қыс пен көктем айларында бұл көшелермен жүру — қиынның қиыны. Мектепке баратын балаларымыз үшін алаңдаймыз. Көршілер бірігіп, бұл мәселені тіпті телеарнаға да шығардық. Бірақ жол қашан жасалатыны туралы нақты жауап алмадық. Біздің көшеге жөндеу жұмысы қашан жүргізіле ме, жоқ па?

! ӘКІМНІҢ ЖАУАБЫ:

— Жол мәселесі округтегі елді мекендердің барлығында бар. Абай ауылындағы аталған көшелерге асфальт төсеу мәселесімен әрі таныспын. Осы көшелердің жобалық-сметалық құжаттары жасалды. Жалпы жол жүргізу жұмыстарына шамамен 15-20 млн теңге жұмсалады деп жоспарлап отырмыз. Бірақ биылғы Жол картасына кірмегендіктен, оған бюджеттен қаражат қарастырылған жоқ. Аудан басшылығы да бұл мәселеден хабардар. Егер жол жөнделуі бөлінген қаражаттың алты айлық көрсеткіші бойынша үнемдеуден ақша қалса, осы жолы асфальт төсеу жоспарда бар.

3 **Қаламқас АСАНБАЕВА, Райымбек ауылының тұрғыны:**



— Райымбек ауылында балалар ойнайтын алаң аз. Әсіресе, жазғы демалыста балаларды бір сәтке ертіп барып, ойнатып қайтатын алаң жоқтың қасы. Биылғы жыл «Балалар жылы» деп жарияланғанын білесіздер. Осы орайда ауыл балаларына жағдай жасала ма?

! ӘКІМНІҢ ЖАУАБЫ:

— Қазіргі таңда округ бойынша жастар мен жасөспірімдерге салауатты өмір салтын насихаттау және де спортпен шұғылдануға ынталандыру жағы мықтап қолға алынуда. Осы ретте биылдың өзінде біздің округке қарасты елді мекендерде 14 «Street Workout» алаңдары салынып, тұрғындардың спортпен тегін шұғылдануына мүмкіндік туды. Ашық аспан астындағы спорт алаңдарының бәрі дерлік екі бөлікпен тұрады. Нақтырақ айтқанда, воркауттың бір бөлігінде балалардың және жеткіншектердің дене шынықтырумен айналасуына арналған әртүрлі темірден жасалған спорттық құрылғылар (өрмелеуіш, турниктер) орналаса, екінші жағында кішкентай балаларға арналған ойын алаңы жасалған. Бұған қоса, әрқайсысында көпшілікке арналған кішігірім демалыс орындары да бар. Райымбек ауылына да осындай жаттығу алаңдарын салу жоспарда бар. Қазіргі таңда әкімдік балансына қарасты жер телімдері анықталып жатыр.

Дайындаған Макпал НОҒАЙБАЕВА

P.S.

Өз әкімімізге сауал жолдағыңыз келсе, газет редакциясына хабарласыңыз.

☎ Телефон: 8 (727) 272-43-39; 8 (727) 272-43-25

☎ WhatsApp: 8 747-887-13-44

✉ E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

MEGAPOLIS

Шымкент қаласында 204 гектар жерге 113 жылыжай кешені орналасқан. Оның ішінде аумағы 71 гектарды құрайтын 23 өнеркәсіптік жылыжайда ауыл шаруашылығы өнімдері өсірілуде. Бұл жылыжайларда жылына 17 мың тоннадан астам қызанақ, қияр және басқа да көкөніс өнімдері өндіріледі. Өнімдер ішкі нарықты қамтып қана қоймай, көрші елдерге экспортталады.



Бүгінде қала тұрғындарына балғын көкөніс жеткізіп отырған кешеннің бірі — Бозарық тұрғын алабында орналасқан «Зауре» жылыжайы. Аумағы 3 гектарлы өндірістік жылыжай кешені 2020 жылы іске қосылған. Жылыжай «Агроөнеркәсіптік кешен субьектісі инвестициялық салынымдар кезінде жұмсаған шығыстардың бір бөлігінің орнын толтыру бойынша субсидиялау» және тыңайтқыш құнын субсидиялау бағдарламалары бойынша мемлекеттен қолдау алғаннан кейін көкөніс өндіру ісі өркендеді. Біз осы «Зауре» шаруа қожалығының жұмысымен танысып қайттық. Кіргеннен қаз-қатар өскен қып-қызыл қызанақтар «сап түзеп», бізді қарсы алды. Иісі қандай, көрген көз таятпайды көрініс қандай!.. Жылыжайдың ішінде бізді осы кешеннің бас агрономы Мерей Терлікбаев алып жүрді. Өндірістің жылыжай кешені 3 гектар болғанымен, оның 2,8 гектарына тұқым егіледі екен.

Жылыжайдың кіреберісінде екі үлкен бөшкені, сосын төртбұрыш пішінді автоматтандырылған құрылғы, ірілі-ұсақты түтіктерді байқалым. — Бұл не нәрсе? — Бір бөшкеде тыңайтқыштар араласады. Екіншісінде таза су құйылады. Бәрі миксермен араласады да, көкөністерге тамшылатып жіберіледі. Бәрі осымен автоматты басқарылады. Суғару жүйесі ресейлік, қалғанының бәрі Түркиядан әкелінген» — деді агроном.

— Қызық екен. Минералды мактадан жасалған тығынның топырақтан не айырмашылығы бар? — Топырақтан айырмашылығы сол, қызанақ өзіне керекін топырақтан сіңірсе, біз топырақта бар элементті суға ерітіп, езіп береміз. Айырмашылығы сол. — Ал мына тұрған не нәрсе? — деді сыртында араның суреті бар шағын қораптарды мензеп. — Бұлар — ара. Аралар гүлді тозандандырады. Ара болғанда да біздің бал арасы емес, Қазақстанда өсірілмейтін, тек шетелде өсетін түкті ара (*шмель*). Израиль, Голландия,

кете береді. Қыста өнім бермейді. Неге десеңіз, қыста күн, радиация аз. Негізінен көктемге шығамыз. Қазір күніне 10-12 тонна қызанақ алып жатырмыз. — Қызанақ қаншадан саудаланып жатыр? — Өнімдер 200-250 теңгеден қала нарығы мен еліміздің солтүстік өңірлеріне саудаланады. — Егілген қызанақ неше уақыт өнім береді? — Жыл сайын қазан, қараша айларында егеміз. Биыл 13 қазанда ектік. Егер баға түсіп кетсе, күзге жеткізбей алып тастаймыз. Себебі өз-өзін ақтамай қалады. Айына 11 миллион

ӨНДІРІСТІК ЖЫЛЫЖАЙ КӨБЕЙІП КЕЛЕДІ

— Мына қызанақ ірі екен, қай жактың тұқымы? — Голландиялық мәрліс тұқымы. Сүйекті, орташа тығыздықтағы қызанақ. Жоғары сұранысқа ие. — Жалпы қызанақтың қанша түрін өсіресіздер? — 3 түрлі сорт бар. Негізгісі мәрліс. Сосын черри және «қара өрік» деген түрі бар. Бәрі голландиялық тұқым. — Тыңайтқышты қайдан аласыздар? — Тыңайтқышты бірнеше компаниядан аламыз. Биылдан бастап доллардың теңгеге шаққандағы бағамы өсуіне байланысты тыңайтқыштың да бағасы көтеріліп кетті. Бұрын голландиялық, швейцариялық өндірістің тыңайтқыштарын алатын болсақ, қазір сапасы төмендеу ресейлік

тыңайтқышқа көштік. Бірақ олардың да бағасы арзан емес. Жылыжайдың іші үлкен екен. Бізге бәрі тансық, бәрі ерекше. Қызанақ бір-біріне жапсарлас, қаз-қатар егіліпті. Жақындап қарасам, түбі топырақ емес, төртбұрышты бірдене. — Бұл не нәрсе? — дедім тағы да танырқап. — Бірінші тұқым минералды макта тығында (*минераловатная пробка*) егіледі. Одан соң «текшелерге» (*кубиктер*) көшіріледі. Көшет бөлімінде «текшелерге» отырғызып өсіріп аламыз да, одан кейін минералды тығында өсіреміз. Мұнда бәрі тамызғышпен (*капельницамен*) сугарылады. Минерал макта секілді, бірақ стерильденген. Бұдан ешқандай тыңайтқыш, топырақ болмайды, бәрі тамызғыш арқылы жеткізіліп тұрады. Топыраққа егілгендей селитра, аммофос қана сеуіп қоймаймыз, бізде микро және макро тыңайтқыштардың миксы жасалады. Күн сайын беріледі, тіпті әрбір 15-20 минут сайын тамызып отырамыз.

Түркиядан келеді. Мысалы, Сарыағаштағы үлкен жылыжайдың көбін гормонмен тозандандырады ғой. Ал біздің кешеннің өнімі арамен тозанданады. Жалпы бұл тәжірибе үлкен жылыжайларда кездеседі. Араның бір қорабын 50 мың теңгеге сатып аламыз. 3 гектарға 8-10 қорап қажет. Сонда әр 2 апта сайын 500 мың теңге тек араға жұмсалады. Түкті ара гүлдің тозаңынан бал жасамайды, гүлдің тозаңынан шәрбат жасайды. Егер жылыжайға бал арасын

теңгеге тыңайтқыш аламыз. Жұмысшылардың, араның ақшасын шығара алмасақ, жылыжай жұмысын токтата тұрамыз. — Жұмысшыларыңыздың еңбекақысы қалай төленеді? — 40 жұмысшы әр түрлі жұмыстар істейді. Қызанақ тереді, күтім жасайды, тазалық жұмыстарын жүргізеді. Манайдағы ауылдардан келеді. Күніне 4 мың теңгеден төленеді. Тасымал қарастырылған.



әкелсек, ол ұзақ жұмыс істемейді. Бал арасы өзіне не ынғайлы, қай жер қолайлы болса, сол жакка кете салады. Ал мына араны қай жерге қойсаң, сол жерде жұмыс істейді, — деді Мерей. — Ал температураны қалайша бақылауда ұстайсыздар? — Жазда температураны түсіре алмаймыз, қыста көтере алмаймыз. Қыста күндіз 21 градус, түнде 18 градус болуы керек. 3 жыл өткен соң пештің қуаттылығы азайып қалды. Сыңғаны бар. Соның салдарынан көбіне температура түсіп

Агрономның айтуынша, жылыжайда қыста өнім өсірілмейді. Егер арнайы шамдар әкелінсе, отандық жылыжай саласы Еуропамен бірдей деңгейге шығар еді. Онда ішкі нарықты да толығымен қамтуға әлеуеті жетеді. Міне, біз табан тіреген «Зауре» жылыжай кешенінің жұмыс барысы осындай. Мемлекет субсидиямен қолдап жатқаны, шаруалардың елімізді өз өнімімізбен қамтып жатқаны қуантады.

Қала күніне тарту

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҮЗДІК ТАУАРЫ – 2022» КӨРМЕСІ ӨТТІ

Шымкент қаласы әкімдігі мен жергілікті кәсіпкерлер палатасының ұйымдастыруымен шаһардың Орталық саябағында «Қазақстанның үздік тауары-2022» өңірлік көрме-байқауы өтті.

Көрмеде мегаполистің 70-тен астам фармацевтика, машина жасау, химия, жеңіл өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы мен құрылыс саласындағы ірі, шағын және орта кәсіпорындар өз өнімдерін келушілер назарына ұсынды.



Құттықтау сөз сөйлеген қалалық мәслихат хатшысы Бахадыр Нарымбетов кәсіпкерлік саласының дамып келе жатқаны қуантатын жағдай екенін жеткізді. «Кәсіпкерлік әлеуетті халыққа таныстыру үшін осындай көрмелерді тұрақты түрде өткізу қажет. Статистика бойынша Шымкенттің өнімдері республикадағы үлестің 30 пайызын, ал фармацевтика 26 пайызын қамтиды. Шаһардың әлеуеті жоғары. Кәсіпкерліктің алға басуы қосымша жұмыс орнын арттырады. Халықтың әлеуметтік жағдайы жақсаратын. Қаншама отбасы нәпақа тауып, бала-шағасын асырауға мүмкіндік алады», — деді Бахадыр Мәделіұлы. Конкурс шартына сай, тәуелсіз сарапшы аудитор, бизнес-қауымдастық, салалық қоғамдық бірлестік және мемлекеттік орган өкілдерінен құралған. Аталған сараптамалық комиссия «Халық тұтынатын үздік тауарлар», «Өндірістік мақсаттағы үздік тауарлар», «Үздік азық-түлік тауарлары» номинациялары бойынша үздіктерді тандады. «Қазақстанның үздік тауары-2022» өңірлік көрме-байқауының жеңімпаздары бағалы сыйлықтармен марапатталумен қатар, жыл соңында Нұр-Сұлтан қаласында өтетін республикалық байқауға қатысу құқығына ие болды. Өңірлік көрме-байқауы үш күнге созылды.

ЖИҢАЗ ФАБРИКАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Шымкент қаласында қала күні мерекесіне орай «Тассай» индустриялық аймағында 250 жаңа жұмыс орны ашылып, 2 инвестициялық жоба жүзеге асырылды. Соның бірі – көңсеге, мектепке арналған жиһаздар шығаратын «Mega Smart B2B» ЖШС.



Жаңа фабриканың ашылуына қала әкімінің бірінші орынбасары Шыңғыс Мұқан қатысты. «Қаламызда мемлекеттік қолдау арқасында жаңа өндіріс орындарының саны жыл санап артып келеді. Қазіргі уақытта шаһарда қолайлы инвестициялық климат қалыптастыру үшін қарқынды жұмыстар жүргізілуде. Осы мақсатта қала экономикасы өсімінің негізгі аланы болып табылатын арнайы экономикалық, индустриялық аймақтардың тиімді жұмыс жасауына ерекше көңіл бөлінуде. Қала күніне орай «Тассай» индустриялық аймағында іске асырылған жобалар санын жиырмаға жеткізіп отырмыз. Сол кәсіпорындардың бірі — «Mega Smart B2B» жиһаз фабрикасы болып табылады», — деген Шыңғыс Мұқан кәсіпорынды ашылуымен құттықтады. Көлемі 2 гектар аумақты құрайтын 750 млн теңгелік инвестициялық жоба нәтижесінде 100 адам жұмыспен қамтылды. Заманауи технологиялармен жабдықталған өндіріс ошағы жылына 120 мың жиһаз бұйымдарын шығаруға қауқарлы.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІНІҢ ЖӨРМЕҢКЕСІ

Үшінші мегаполисте ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Бұл жолғы іс-шара қала күніне арналып, ауқымды өтті.



Жәрмеңкеге Шымкенттегі тауар өндірушілермен қатар, Түркістан облысының көрші аудандарынан ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер, дихандар мен шаруалар қатысты. Шымкент қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасының азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Жандос Ханаев: «Дәстүрлі жәрмеңкеге 200-ге жуық кәсіпкер қатысуда. Олар өз өнімдерін базар нарқынан 10-15 пайызға төмен сатуда. Жалпы көлемі 100 тоннадан астам өнім ұсынылған», — деді. Айта кетейік, жәрмеңкеде құмшекер де сатылды. Жалпы салмағы 4 тонна шекер әр адамға бес келіге дейін, келісі 480 теңгеден босатылды.

ЖАҢА ӨНДІРІС ОРНЫ

Шымкент қаласының «Тассай» индустриялық аймағында қала күні мерекесі қарсаңында қорғаныс киімдері мен медициналық мақсаттағы бұйымдар шығаратын «Экофарм» өндіріс орны ашылды.

Жаңа мекеменің салтанатты ашылу рәсіміне қала әкімінің бірінші орынбасары Шыңғыс Мұқан қатысты. Ол өз сөзінде Шымкенттің республикалық маңызы бар қала статусын алған 4 жыл мерзімінде қаланың әлеуметтік-экономикалық жағдайы артып, инвестиция тарту бойынша республикадағы үздік қалалар қатарында екендігін айтып өтті.



«Бүгінгі таңда «Тассай» индустриялық аймағында жалпы инвестициялық сомасы шамамен 45 млрд теңгені құрайтын 37 жоба жүзеге асырылуда. Бүгінгі жоба қаланың экономикалық өркендеуі мен медициналық бұйым өндірісі саласында жаңа жұмыс орындарының ашылуына үлкен серпін береді деген сенімдемін. Баршаныңызды қала күнімен құттықтай отыра, жобаның ары қарай өсіп-өркендеуіне тілектеспін», — деді ол. 3,4 млрд теңгені құрайтын бұл инвестициялық жоба «Бизнестің жол картасы — 2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында «Тассай» индустриалды аймағынан 1,25 гектар жер телімін ұзақ мерзімге жалға алып, «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында «Даму» қоры арқылы субсидияланған.



Жанадан ашылған өндірісте 150 адам жұмыспен қамтылды. Заманауи технологиялармен жабдықталған мекеменің жылына 600 мың дана қорғаныш киімінің 17 түрін, 500 мың дана медициналық киім, 20 миллион дана медициналық маска мен респиратор, 1 миллион дана медициналық көзілдірік шығаруға мүмкіндігі бар.

Бетті дайындаған Мөлдір КЕНЖЕБАЙ, Шымкент қаласы

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қатар әмірі Тәммим бин Хамад Әл Төнидің жеке шақыруымен Қатар екінші экономикалық форумының ашылу рәсіміне қатысты. Мемлекет басшысы баспасөз қызметінің Телеграм каналы (*Борт №1*) апта басында осындай ақпарат таратты. Таяу Шығыстағы араб мемлекетінің атауы «Қ» өрпімен қазақша дұрыс жазылғанын көріп ішіміз жылып қалды. Араб тілінде де сондай – Дәулет – и Қатар (دولة قطر). Әйтпесе, сауатты дейтін сайт пен басылымның өзі өмірді «амир», тіпті «эмир», Сүлейменді «Сүлейман», Әл Жазираны «Аль Джазира» деп орыс мақамына салып жүр емес пе?! Ақорданың қазақ тілінің кесегесін сөзбен емес, өзі үлгі көрсетіп, нақты іспен көгертуге кіріскені құптарлық та қуанарлық. Тек бастайтын да тастайтын кертарпта әдетіміз енді аяқтан шалмасын деп тілейік.

1. ПЕТЕРБОРДАҒЫ ПАЙЫМДЫ ПІКІР

Әңгімені сауаттылықтан бастауымыз бекер емес. Президент бірер жыл бұрын «Той



ЕАЭО-ны саяси одаққа айналдырып, орыс ақшасын ортақ валюта жасағысы келетіндерге, Қазақ жеріне көз алартқан депутаттар мен кесірлі кеосаяндарға қаратып айтылғаны мәлім. Сондай-ақ Мәскеумен барыс-келістің, шаруашылық байланыстың үзілгенін күтіп жүрген өз ішіміздегі мысықтілеу белсенділер мен беталды бөспелердің (*популист*) құлағына алтын сырға. Қазақстан ешкімнің қолтығына кірмей, көршімен де, басқамен де өзара тиімді, тең дәрежелі қарым-қатынастан ешқашан бас тартпайды. Бұл жолдан тайдыруға тырысу – босқа арамтер болу.

ұсынды. Оның мәнісі мынада. Санкция саясаты тиімсіз екенін көрсетіп отыр. Ғаламдық сауда-саттықтағы қазіргі тығырықтан шығудың онтайлы амалы – Оңтүстік Шығыс Азия мен Қытай нарығына шығу. Бұл ретте Қазақстан ЕАЭО мен Азия кеңістігі арасындағы сенімді дәнекер. Бір полюсті әлемнен көп өрісті дүниеге көшіп жатқан қазіргі ғалам қауіпсіздікке, тоқ тіршілікке, тұрақты дамуға алан. Алпауыт күштер арасындағы текетірес ымырасыз сипат алып, Батыстың басқадан оқшаулануға бет алуы саясатпен қатар экономикаға тікелей ықпал етті. Ғаламшардың миллиондаған тұрғынын күнкөріс тауқыметі қинай бастады. Шұғыл шара алмаса, азық-түлік дағдарысы, оның соны ашаршылыққа әкеп соғуы әбден мүмкін. Ал Біріккен Ұлттар Ұйымы бұрын-соңды болмаған дәрменсіз күйде. Мұндай жағдайда, BRICS (*Бразилия, Ресей, Үндістан, Қытай, Оңтүстік Африка Республикасы*) пен Шанхай ынтымақтастық ұйымы (*ШЫҰ*) сияқты экономикалық қуаты мығым, әскери әлеуеті

өтетін Орта дәліздің тиімді екенін қайта-қайта айтып жүр. Күні кеше Брюссельде осы тақырыпқа арналған жиын да өтті. Баламалы бағыт қажет-ақ. Дегенмен пойызбен жеткізілген жүкті Каспийдегі портта кемеге тиісп, теңізді кешіп өткен соң қайта отарбаға өнгеру біраз уақыт алады. Шығыны да аз болмайды. Ал Қазақ мұнайын қияндағы тұтынушыға жеткізетін ең төте әрі арзан бағыт Парсы Шығанағы жағалауындағы айлақтар екені мәлім. Өйткені Атыраудан тартылған құбыр Каспий жағалап, түрікмен жері арқылы Иранға жетеді. Бірақ бұған Батыстың қарары қолбайлау. Нақтырақ айтқанда, 1996 жылы АҚШ-та қабылданған Д’Амато заңы үшінші елдердің осы мемлекеттің мұнай секторына инвестиция құюына тыйым салады. Кейбір сарапшылар белең алып келе жатқан жаһандық өзгерістер Солтүстік-Оңтүстік бағытындағы осындай күрделі жобалардың жүзеге асуына ықпал етеді деген пікірде. Бұл енді уақыт еншісінде.

Қазақ үкіметі қайбір жылы ирандықтармен мұнай алмасу (*SWAP*) келісімі бойынша «қара алтын» экспортын жүзеге асырған. Алайда көлемі 2 млн тоннадан аспайтын жобаның ғұмыры ұзаққа созылмады. Мемлекет басшысының осы сапары екі елдің мұнай саласындағы қарым-қатынасына тын серпін беріп, жана белеске көтереді деген сенімді күшейте түсті.



ПАРАСАТ ФОРМУЛАСЫ

қуалайтын емес, ой қуалайтын заман» деп еді. Сол арқылы қазіргі құбылмалы ғаламда білімді, зерделі һәм еңбеккор ұлт қана бәсекеге төтеп беретінін меңзеген. Жаһанданудың жолын кесіп, тауар қозғалысын шектеген бүгінгі санкция мен сауда соғысы кезінде парасат пен пайымның, ілім мен білімнің қадірі артып тұр.

«Бұл зияткердің (*интеллектуал*) мықты президент бола алатынына айқын дәлел. Кемел келешекке қарай нық адым». Терістік көршіміздегі бір сарапшы Қ.Тоқаевтың Санкт-Петербург халықаралық экономикалық форумында сөйлеген сөзін осылай бағалады. Жиынға қатысушыларға Қазақ елі басшысының білгір қытайтанушы ретінде айтқан пікірі ерекше әсер етсе керек. Мемлекет басшысы қытай тілінде «дағдарыс» сөзінің қос иероглифтен тұратынын, оның бірі «қауіп», екіншісі «мүмкіндік» деген мағына білдіретінін

Солтүстікпен араға сызат түскенін қалайтындар еліміздің Донбаста өзін «тәуелсіз ел» деп жариялаған екі республиканы тануға қатысты ұстанымын естігенде қуанып-ақ қалып еді. Содан болар, Каспий құбыр желісіндегі екі жылжымалы қондырғының жұмысы жөндеуге байланысты тоқтатылғанда алақайлап жар салғандар табыла кетті. Іле-шала еліміз «ресейлік вагондарды өткізбей қойды» дейтін жалған ақпаратты жалаулатып әкетті. Бір жақсысы, құзырлы орындар дереу түсініктеме беріп, өтіріктің құйрығы бір тұтам екенін дәлелдеп берді.

Қазақстанның сол «ДНР» мен «ЛНР» жөніндегі көзқарасы асқан шеберлікпен жеткізілгенін атап өткен жөн. Бұл Қазақ дипломатиясының 90-жылдардың ортасында тар жерде жол тауып кеткен тапқыр шешімін еске түсіреді. Ол уақытта Ресей сыртқы істер

күшті құрылымдарға ауыр жүк артылғалы тұр. Мемлекет басшысы бұл жетіде Қытай төрағасының шақырумен BRICS+ диалогы саммитіне қатысып, сөз сөйледі. Мұны Қазақ елі көшбасшысының әлемде қордаланған түйіндерді бейбіт жолмен шешудегі күш-жігеріне берілген жоғары баға екені талассыз ақиқат.

2. ТЕҢРАНМЕН БӘТУАЛЫ БАЙЛАМ

Мемлекет басшысы Петербордан кейін Парсы Шығанағына сапармен барды. Ресей секілді Иран да Батыспен дұрдараз. Дейтұрғанмен, бұл елді шөміштен қағу (*санкция*) тарихы сонау өткен ғасырдың 80-ші жылдарында бастау алғанын айтқан жөн. Соған қарамастан, ресми Тегһанның әлемдік қоғамдастықпен қарым-қатынасы үзілген емес. Біздің елімізбен де бірқатар сала бойынша, сондай-ақ Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес, Экономикалық ынтымақтастық ұйымы шеңберінде ынтымақтастық нығайып келеді.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың Иран президенті Ибраһим Раиси және Иранның Жоғары діни жетекшісі, аятолла Әли Хаменеимен жүздесулерде екі жақты қарым-қатынасты, әсіресе, көлік пен логистика, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы бойынша сауда-экономикалық байланыстарды жандандыру жайы сөз болды. Сонымен қатар, Түрікменстан, Түркия және Пәкістанмен түйісетін Иранның теміржол және теңіз тасымалы арқылы отандық өнімді Парсы Шығанағы мен Оңтүстік Шығыс Азия елдеріне жеткізу мүмкіндігі пысықталды.

Екі ел үкіметтері арасында бірнеше маңызды құжатқа қол қойылды. Бұған сәйкес, Иран тарапы Қазақ бидайы мен өзге ауыл шаруашылығы тауарларын өз аумағы арқылы баж салығы мен алым төлемей өтуіне келісті. Қарағанды өңіріндегі Бөрлі кенішінде катод жезін, Иранда ферросиликоалюминий өндіруді көздейтін бірлескен жобалар да осы сапардың жемісі.

Сапар барысында қос елдің президенті елімізден Иран арқылы Түркияға баратын алғашқы контейнерлік пойызды жонелту рәсіміне онлайн форматта қатысты. Жалпы транзиттік тасымал жөніндегі уағдаластықтың маңызы зор. Өйткені, бұдан бұрын жазғанымыздай, Қазақстан теңіз жолдарынан шалғай жатқан (*Landlocked Countries*) елдер қатарына жатады. Содан болар, шикізат пен тауарды әлемдік базарға апару үшін батысты барлап, солтүстік пен шығысты шарлап жүруге тура келеді. Әлгіінде айтылған құбыр желісіндегі кідіріс бір сүрлеуге телміруге болмайтынын мықтап ескерткендей.

Рас, соңғы кезде американдықтар мен еуропалықтар бізге орыс жерін айналып

3. «IN CONVERSATION WITH PRESIDENT TOKAYEV»

Әңгіменің әлқиссасына арқау болған Қатар мемлекетіндегі алқалы жиын да аптаның айтулы оқиғасы. Табиғи газға бай бұл ел әлемдік геосаясатта қордаланған кесек-кесек түйіндерді шешуге ықпал ететін диалог алаңына айналып отыр. Бұл жолы саясаткерлер мен алпауыт компаниялардың өкілдері геоэкономиканы талқылады. Қазақстан Президентінің құрметті қонақ ретінде шақырылуы форумының абырой-беделінің өскенін көрсетсе керек. Ғаламдық бизнес қауымына қазіргі дүрбеленге толы



дүниеде Мағриб (*Батыс*) пен Машриғ (*Шығыс*) арасындағы байланыстың баянды болуына әлшеуіс үлес қосып жатқан Қазақстанның көзқарасы мен ұстанымы айрықша маңызды. Содан болар, ұйымдастырушылар «In Conversation with President Tokayev» (Президент Тоқаевпен тілдесу) атты арнайы панельдік сессия өткізді. Модераторы Bloomberg Television арнасының жүргізушісі Манус Кренни болған ашық әңгімеде Президент саясат пен экономикадағы сан-қилы сауалдарға жауап қайтарып, бірқатар құбылыс пен оқиғаларға баға берді. Көпқырлы саясатқа сенетінін мәлімдеді. Жүргізуші «АҚШ президенті Жозеф Байденнің ОПЕК шеңберінде мұнай



өндірісін арттыруға бағытталған әрекетінен нәтиже бере ме?» деп бір саусағын ішіне бүккен сауалын көлденен тартты. Бұған Қ.Тоқаев Дала даналығы дәстүрімен «Мен Қазақстанның Президентімін және *Америка*) Құрама Штаттарымен достық әрі болашағы айқын қарым-қатынас болғанын қалаймын» деді.

Бір жеті көлемінде әлемнің ар қиырында жатқан үш елге сапар Жана Қазақстанның жаңа әлемдегі беделі мен жетістігін паш етті. Тек осы қарқыннан танбауды жазсын!

Срайыл СМАЙЫЛ,
экономикалық шолушы



тілге тиек етті. Көзден балбұл ұшқан онай импорттың орнын толтырамын десең, отандық өнімге, оны жасайтын ғылым мен технологияға, тынымсыз еңбекке арқа сүйеуің қажет. Әуелі өзін азық-түлік, керек-жарақпен толық қамтамасыз етіп, содан кейін үздіксіз ізденіспен жоғары технологиялық бұйым шығаруға көшкен Қытайдың ерен жетістігі мен толағай табысын қаперге салды. Жылдар бойы көмірсутегі сатудан түсетін ағыл-тегіл ақшаға сеніп, киім-кешектен бастап, күрделі құрал-жабдыққа дейін сырттан таситын ресейліктер мұны ой мен түйсік тезіне сала отырып, жылы қабылдады. Тіпті Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін аяқтағанда президент Владимир Путиннің ерекше ілтипат білдіруі де тегін емес.

Петербург төріне жиналғандарға Қазақ елінің Еуразия экономикалық одағына (*ЕАЭО*) қатысты айқын да ашық ұстанымы жеткізілді. Өзара іскерлік байланыс пен сауда-саттық жандансын десек, қасқалдақтың қанындай қат дүниеге айналған инвестиция құйылып, жана өндіріс орындары ашылсын десек, бірлескен жобалар іске асып, әлеуметтік түйтікідер азайсын десек, әрине, экономикалық одақ ауадай қажет. Бірақ көрпені өзіне тартып, күштінің мүддесін көбірек көксейтін интеграция емес. Үлкеннің де, кішінің де есебі түгел, тату көршілікті ту еткен бірлестік керек. Президенттің осы мәлімдемесі терістік көршідегі

министрлігін Андрей Козырев басқаратын. Сол шенеуніктің атымен қос азаматтықты көздейтін «Козырев доктринасы» атты құжат дайындалды. Мақсаты – кешегі кеңестік республикаларға Ресей азаматтығын қабылдаттыру. Қысымға шыдамаған түрікмен елінің осы талапты орындағаны бергі тарихтан белгілі. Сол кезде Қ.Тоқаев басқаратын Қазақстан сыртқы істер министрлігі бір елден екінші жерге қоныс аударған жағдайда жеңілдетілген тәртіппен азаматтық беруді ұсынды. Сөйтіп, сұрқия саясатты іске асырмай тастады. Өйткені оған жол берілгенде еліміздегі тұрғындардың біраз бөлігі көрші елдің де азаматы болып шыға келер еді.

Мемлекет басшысы халықаралық құқықтың басты құжаты – БҰҰ Жарғысында бір-біріне қайшы қос бапқа назар аударды. Мемлекеттің аумақтық тұтастығы және әр ұлттың өзін-өзі билеу құқығы. Мұның екіншісі іске аса берсе, жер бетінде 500 мемлекет пайда болып, бейберекетсіздіктің көкесі сол кезде басталады. Айта кету керек, бұл жерде әңгіменің тек әлгі республикалар ғана емес, Абхазия, Оңтүстік және Тайвань төңірегінде өрбігенін айтқан абзал. Сол арқылы аралды айтып, Қытайдың қытығына тігісі келетін АҚШ-қа да осы мәселе бойынша біздің ұстанымды білдіре кетті.

Президент алып Еуразия атырабында әркімге де тиімді серіктестікті өркендетуді

НАК «Центраудит-Казахстан» ЖШС Директоры
(МФЮ аудиторлық қызметпен айналысуға
мемлекеттік лицензиясы № 0000017,
1999 жылғы 27 желтоқсанда берілген)
В.В. Ралостовец
2022 жылғы 15 сәуір

«Денсаулық сақтау және медициналық сақтандыру жөніндегі Қазақ «Интертич»
корпорациясы» АҚ Акционерлері мен Директорлар кеңесіне

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОР ЕСЕБІ

Ескертумен пікір
Біз «Денсаулық сақтау және медициналық сақтандыру жөніндегі Қазақ «Интертич» корпорациясы» АҚ (бұдан әрі – *Кәсіпорын*) 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бухгалтерлік баланс, пайда мен шығындар туралы есеп, меншік капиталындағы өзгерістер туралы есеп және көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, сондай-ақ есептік саясаты негізгі қағидаларының қысқаша мазмұнын қосқанда, қаржылық есептілікке берілген ескертпелермен қамтылған қаржылық есептілігінің аудитін жүргіздік.

Біздің пікіріміз бойынша, ұсынылып отырған қаржылық есептілік 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Кәсіпорынның қаржылық жағдайының бүкіл маңызды тұстарын, сондай-ақ Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі оның қаржылық нәтижелері мен қаржы қозғалысын шынайы көрсетеді (*бұдан әрі – «ХКЕС»*).

Пікір білдіру үшін негіздеме
2021 жылғы 31 желтоқсандағы компанияның қаржылық жағдайы туралы есебінде баланстық құны 325,500 мың теңге сатып алынған материалдық емес актив көрсетілген (*2020 жылғы 31 желтоқсанға: 387,500 мың теңге*). Белсенді нарықтың болмауына байланысты, осы активтің әділ құнының жеткіліктік аудиторлық дәлелін ала алмадық. Нәтижесінде біз осы активтер мен міндеттемелерді тану және кейіннен бағалау және тиісінше, тұтастай алғанда, қаржылық есептілікке қатысты кез келген түзетулерді қажет ете алмайтындығын анықтау мүмкін болмады.

2020 жылғы қаржылық есептілікке қатысты біздің аудиторлық пікіріміз өзгертілді. 2021 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы қаржылық есептілік туралы біздің пікіріміз осы мәселенің ағымдағы кезеңге әсер етуіне байланысты өзгертілді.

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (*бұдан әрі – ХАС*) сәйкес жүргіздік. Біздің міндеттеріміз осы стандарттарға сәйкес төменде «қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін аудитордың жауапкершілігі» атты бөлімінде сипатталған. Біз Бухгалтерлердің халықаралық этика стандарттары кеңесінің Кәсіби бухгалтерлер этикасы кодексіне сәйкес (*бұдан әрі – БХЭСҚ*) Қоғамға қатысты тәуелсіз болып табыламыз және біз БХЭСҚ этика кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттемелерімізді орындадық. Біздің тарапымыздан алынған аудиторлық дәлелдер жеткілікті және біздің аудиторлық пікірімізді білдіру үшін негіз болып табылады деп санаймыз.

Кәсіпорын басшылығының және корпоративтік басқаруға, қаржылық есептілікке жауап беретін тұлғаларының жауапкершілігі
Кәсіпорын басшылығы осы қаржылық есептіліктің Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес әзірленуіне және дұрыс ұсынылуына, жауапсыз іс-әрекеттер мен қателіктердің салдарынан маңызды бұрмалаулар қамтылмайтын қаржылық есептілікті дайындау үшін қажетті деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапты болып табылады.

Қаржылық есептілікті дайындауда Кәсіпорын басшылығы Кәсіпорынды таратуға, оның қызметін тоқтатуға нитеттенген жағдайларды қоспағанда немесе оны таратудан не қызметін тоқтатудан басқа қандай да бір нақты басқа альтернативасы жоқ болған жағдайды қоспағанда, Кәсіпорын өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілеттілігін бағалауға, үздіксіз қызметке жататын мәліметтердің тиісті жағдайларда ашылуына және қызметтің үздіксіздігі туралы жол беру негізінде қаржылық есептілікті дайындауға жауапты.

Корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалар Кәсіпорынның қаржылық есептілігінің дайындығын бақылауға жауапты.

Қаржылық есептілігіне аудит жүргізу барысында аудитордың жауапкершілігі
Біздің мақсатымыз – қаржылық есептілікте жауапсыз іс-әрекеттер мен қателер салдарынан елеулі бұрмалану қамтылмайтыны ақылға сыймды (*қисынды*) сенімді болу және біздің пікіріміз қамтылған аудиторлық есептің басып шығарылуы. Ақылға қонымдылық (*қисындылық*) жоғары сенімділік деңгейін білдіреді, бірақ ХАС-қа сәйкес жүргізілген аудит кез келген жағдайда, елеулі бұрмалау болған кезде оны әрқашан анықтайтынына кепіл болып табылмайды. Бұрмалаулар жауапсыз іс-әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер жекелей немесе жиынтығында осы қаржы есептілігі негізінде қабылданатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне ықпал етуі мүмкін болады деп негізді түрде болжауға болатын болса, маңызды болып саналады.

ХАС-қа сәйкес жүргізілген аудит шеңберінде, біз кәсіби пікірді қолданамыз және аудит барысында кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Сондай-ақ біз келесі іс-әрекеттерді орындаймыз:

- жауапсыз іс-әрекеттердің немесе қателердің салдарынан қаржы есептілігінің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдер жауап ретінде аудиторлық шаралар әзірлеп жүргіземіз және өз пікірімізді білдіру үшін негіз болуы үшін жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдемелер аламыз. Жауапсыз іс-әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмау тәуекелі қателер нәтижесінде елеулі бұрмалану тәуекеліне қарағанда жоғары болып табылады, себебі жауапсыз іс-әрекеттерге сөз байласу, жалғандық жасау, қасақана өткізу, ақпаратты бұрмалап ұсыну немесе ішкі бақылау жүйесінен тыс іс-әрекеттер қамтылуы мүмкін.
- Қоғамның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатынсыз, мән-жайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу үшін, аудитке маңызды бар ішкі бақылау жүйесі туралы түсінік аламыз;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін, сондай-ақ басшылық дайындаған ақпараттың тиісті ашылуын бағалаймыз;
- үздіксіз қызметтегі басшылықтың жол беруі қолданудың заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз, ал аудиторлық дәлелер негізінде – нәтижесінде Қоғамның өз қызметін үздіксіз жүргізуді жалғастыруға қабілеттілігіне елеулі күдік туындауы мүмкін оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты елеулі белгісіздік бар ма, сол туралы қорытынды жасаймыз. Егер біз айтарлықтай белгісіздік бар деген қорытындыға келетін болсақ, біз аудиторлық есепте қаржылық есептілікте ақпараттың тиісті ашылуына назар аударуымыз қажет, ал егер мұндай ақпараттың ашықтығы болмаса, онда пікірімізді жаңғыртуымыз (*модификациялауымыз*) қажет. Біздің қорытындылар біздің аудиторлық есептің күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдемелерге негізделеді. Алайда алдағы оқиғалар немесе жағдайлар Қоғамның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкелуі мүмкін;
- қаржылық есептілікті ақпаратты ашулы қосқанда, жалпы оның құрылымы мен мазмұнын ұсынуды, сондай-ақ қаржылық есептіліктің негізіне жататын операциялар мен оқиғалар олардың дұрыс қолданылуын қамтамасыз ететіндей ұсынылғандығын бағалаймыз.

Біз Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалармен ақпараттық өзара әрекет етуі жүзеге асырамыз, оларға басқа мәліметтерден бөлек, аудиттің жоспарланған мөлшері мен мерзімдері, сондай-ақ аудиттің қорытындылары бойынша елеулі ескертулер, соның ішінде аудит барысында анықталынатын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы ақпаратты назарларына жеткіземіз.

Аудитор
(аудитордың біліктілік куәлігінің № МФ-0000061, 2012 ж. 06 қаңтарда берілген.)

С.С. Сафронова

Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қ.,
Әл-Фараби даңғ., 19, «Нұрлы-Тау»
павильон-орталығы,
1Б павильон, 301-302 кенсе

«ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖӘНЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚАЗАҚ «ИНТЕРТИЧ» КОРПОРАЦИЯСЫ» АҚ
2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК (МЫҢ ТЕҢГЕЛІКТЕРМЕН)

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша			
	Еске*	31.12.2021 ж.	31.12.2020 ж.
Активтер			
Ақшалай қаражат	4	389,978	343,682
Банктердегі депозиттер	5	2,754,700	2,785,895
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері	6	2,909,998	2,671,258
Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешек	7	3,685,611	2,150,596
Басқа активтер		35,247	-
Кейінге қалдырылған аквизициялық шығыстар	8	826,741	1,461,179
Инвестициялық жылжымайтын мүлік		93,956	140,476
Негізгі құралдар	9	248,851	248,851
Материалдық емес активтер	10	49,319	55,198
Активтер жиынтығы	11	325,895	388,065
Міндеттеме		11,320,296	10,245,200
Активтер			
Провизиялар		12,748	12,748
Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша кредиторлық берешек	12	2,732,859	1,796,768
Еңбек сіңірілмеген сақтандыру сыйлықақылары бойынша Резерв	13	2,333,170	2,008,639
Сақтандыру талаптарын реттеуге арналған шығындар мен шығыстар бойынша резервтер	14	1,113,481	1,341,844
Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі	20	70,733	85,545
Табыс салығы бойынша міндеттемелер		-	13,645
Басқа міндеттемелер	15	70,490	122,952
Міндеттемелер жиыны		6,333,481	5,382,141
Капитал			
Акционерлік капитал	16	3,660,000	3,660,000
Негізгі құралдарды қайта бағалау бойынша резерв	16	17,679	18,456
Резервтік капитал	16	75	56
Бөлінбеген пайда		1,309,061	1,184,547
Міндеттемелер жиыны		4,986,815	4,863,059
Капитал мен міндеттемелер жиынтығы		11,320,296	10,245,200

* 5-34 беттердегі ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Басқарма төрағасының м. а. _____ Күрлеутов Э.М.
Бас бухгалтер _____ Тоқеева А.А.

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы			
	Ескер*	2021 ж.	2020 ж.
Сақтандыру сыйлықақылары	17	7,638,426	7,704,703
Еңбек сіңірілмеген сақтандыру сыйлықақыларының резервіндегі өзгеріс	17,13	(324,531)	34,787
Еңбек сіңірілген сыйлықақылар		7,313,895	7,739,490
Сақтандыру төлемдері	17	(6,764,071)	(6,725,352)
Сақтандыру талаптарын реттеуге арналған шығындар және шығыстар бойынша резервтердегі өзгеріс	17	228,377	(490,813)
Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша шығыстар		(6,535,694)	(7,216,165)
Комиссиялық шығыстар	17	(310,353)	(292,743)
Сақтандыру қызметінен түскен табыс		467,848	230,582
Инвестициялық қызметтен түсетін табыс	18	206,604	407,486
Бағамдық айырмандан таза шығын		110,013	429,556
Инвестициялық қызметтен түсетін табыс		316,617	837,042
Жалпы әкімшілік шығыстар	19	(642,820)	(595,244)
Күмәнді борыштар бойынша резерв құру (қалпына келтіру)	7,8	(5,596)	(12)
Басқа операциялық кірістер, нетто		14,901	9,634
Операциялық шығыстар, нетто		(633,515)	(585,622)
Салық салынғанға дейінгі табыс		150,950	482,002
Табыс салығы бойынша шығыстар	20	(27,194)	(83,658)
Жыл ішіндегі таза пайда		123,756	398,344
Басқа толық кіріс			
Кірістер мен шығыстар туралы есепке кейіннен қайта жіктеле алмайтын баптар		-	-
Табыс салығын шегере отырып, негізгі құралдардың әділ құнын түзету		-	-
Жиынтық табыс		123,756	398,344

* 5-34 беттердегі ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы			
	Ескер.*	2021	2020
Операциялық қызметтен ақша қаражаты			
Салық салынғанға дейінгі табыс		150,950	482,002
Түзету:			
Сақтандыру резервтеріндегі өзгеріс	17	96,154	456,026
Инвестициялық қызметтен түсетін табыс	18	(206,604)	(407,486)
Бағамдық айырмандан іске асырылмаған пайда (залал)		(110,013)	(429,556)
Кейінге қалдырылған аквизициялық шығыстар	17	311,218	308,747
Тозу және амортизация	10,11	69,264	72,622
Күмәнді борыштар бойынша резерв құру (қалпына келтіру)	7,8	5,596	12
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің шығуынан болған шығын		(442)	-
Операциялық қызметтен операциялық активтер мен міндеттемелердің өзгеруіне дейінгі ақша қаражатының қозғалысы		316,123	482,367
Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешектің (ұлғаюы) азаюы		(1,540,309)	(400,097)
Өзге де активтерді ұлғайту		675,924	(324,208)
Кейінге қалдырылған аквизициялық шығыстардың (ұлғаю) азаюы		(264,698)	(365,452)
Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша кредиторлық берешектің ұлғаюы (азаяуы)		935,850	(329,954)
Өзге де міндеттемелердің ұлғаюы (азаяуы)		(52,401)	15,913
Операциялық қызметтен ақша ағындары		70,489	(921,431)
Алынған пайыздар		142,531	188,919
Төленген табыс салығы		(90,898)	(52,252)
Операциялық қызметтен таза ақша ағындары		122,122	(784,764)
Инвестициялық қызметтен түсетін ақша қаражаты			
Банктердегі депозиттер бойынша таза түсім (істен шығу)		28,420	(261,195)
Кері репо операциялары бойынша таза түсім (істен шығу)		30,903	55,046
Қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер		412,710	309,909
Қаржы активтерін сатып алу		(567,827)	-
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу		(1,222)	(20,613)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатудан түсетін түсімдер		450	-
Инвестициялық қызметтен таза ақша ағындары		(96,566)	83,147
Қаржылық қызметтен ақша қаражаты			
Акциялар шығару	16	-	800,000
Қаржылық қызметтен таза ақша ағындары		-	800,000
Ақша қаражатының таза ұлғаюы (азаяуы)		25,556	98,383
Ақша қаражатына айырбас бағамының өзгеру әсері		20,740	1,939
Есепті кезеңнің басындағы ақша қаражаты және олардың баламалары		343,682	243,360
Есепті кезеңнің аяғындағы ақша қаражаты және олардың баламалары		389,978	343,682

* 5-34 беттердегі ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы					
	Акционерлік капитал	Негізгі құралдарды қайта бағалау резерві	Резервтік капитал	Бөлінбеген пайда	Капитал жиыны
2020 жылғы 1 қаңтарға	2,860,000	188,918	3,357	612,440	3,664,715
Жыл ішіндегі таза пайда	-	-	-	398,344	398,344
Жиынтық табыс	-	-	-	398,344	398,344
Орналас­ты­рыл­ған акциялар (16-Ескертме)	800,000	-	-	-	800,000
Қайта бағалау резервінің амортизациясы (16-Ескертме)	-	(170,462)	-	170,462	-
Резервтік капиталдан аудару (16-Ескертме)	-	-	(3,301)	3,301	-
2020 жылғы 31 желтоқсанға	3,660,000	18,456	56	1,184,547	4,863,059
Жыл ішіндегі таза пайда	-	-	-	123,756	123,756
Жиынтық табыс	-	-	-	123,756	123,756
Қайта бағалау резервінің амортизациясы (16-Ескертме)	-	(777)	-	777	-
Резервтік капиталдан аудару (16-Ескертме)	-	-	19	(19)	-
2021 жылғы 31 желтоқсанға	3,660,000	17,679	75	1,309,061	4,986,815

* 5-34 беттердегі ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Басқарма төрағасының м. а. _____ Күрлеутов Э.М.
Бас бухгалтер _____ Тоқеева А.А.

Инвестиция

Жеке тұлғаларға тазартылған алтын құйманы сату және сатып алу бағдарламасын Ұлттық Банк 2017 жылы іске қосқан болатын.

Бағдарлама қолға алынғалы жалпы салмағы 3,2 тоннаға жуық 94 545 алтын құйма сатылды.

Алтын құйма – сенімді инвестиция құралы. Оны кез келген уақытта кері сатуға болады. Бағдарлама басталғаннан бері екінші деңгейлі банктер мен банктік

5 ЖЫЛДА ҚАНША ҚҰЙМА САТЫЛДЫ?

алтын құйма

3 316

→

жалпы салмағы

92,7 кг

2017 жылдан бастап барлық сатылғаны

алтын құйма

94 545

→

жалпы салмағы

3,2т

Сатылған әртүрлі құймалар туралы мәлімет

Сатып алушылар арасында 10 г. құймалар сұранысқа ие

10гр	24 493 дана	26%
20гр	20 385 дана	22%
5гр	19 468 дана	20%
100гр	18 679 дана	20%
50гр	11 520 дана	12%

Өлшенген құймалар, негізінен, Алматы, Нұр-Сұлтан және Атырау қалаларында сұранысқа ие.

Алтын құймалар бес түрде ұсынылады: 5, 10, 20, 50 және 100 г.

Дереккөзі: Ұлттық банк

емес жекелеген айырбастау пунктері жалпы салмағы 330 келі 13 692 алтын құйманы кері сатып алған, бұл – жалпы сатылған құймалардың 14 пайызы. Кері сатып алынған алтын құймалардың барлығы дерлік Ұлттық Банктің филиалдары арқылы халыққа сатылады.

Әр құйма қорғау элементтерімен қапталған (құйманың айна беті, микротекст және жиегі бар) және арнайы қорапта шығады, сол арқылы құйманың ашылған-ашылмағанын оңай тексеруге болады. Қорғаныш қорабы сапа сертификаты да бола алады. Алтын құйманы ұқыппен сақтап, қорабын бүлдірмеген дұрыс.



БӘРИНЕ ОРТАҚ ЖУРНАЛИСТИКА



Jas qazaq gazeti мен Chevron компаниясының бірлескен жобасы



Жобаның мақсаты – ерекше жандарды журналистика жанрларын меңгеріп, сауатты жазуға бейімдеу. Қазір журналистикаға құмар жандар компьютерлік сауаттылық, мерзімді баспасөз және тележурналистика бойынша дәріс алып, тәжірибесін шыңдап жатыр. Олар осы жолы КТК арнасында қонақта болып, сюжеттің қалай жасалатынымен танысты. Курсқа қатысушы Айдана Мейіржанованың жаңалықтар қызметіне қызыққаны соншалық, телеарна тілшісі Салтанат Шырынханмен журналистика мамандығы жайлы сұхбаттасты. Оқырманға Айдана Мейіржанованың сұхбаты мен Эльмира Оразбақованың жазбасын ұсынып отырымыз.

А.Мейіржанова: Салтанат, біздің оқырмандарымызға өзіңізді таныстырып өтсеңіз?

С.Шырынхан: Мен бүгінде КТК арнасының жаңалықтар бөлімінде тілші болып жұмыс істеймін. Есімім Салтанат Шырынхан. Оңтүстік өңірдің тумасымын. Шардара ауданы Сүткент ауылында туылдым. 2013 жылы Әл Фараби атындағы ҚазҰУ университетінің журналистика факультетіне оқуға түстім. 2017 жылы оқуымды тәмамдап, Jas qazaq газетіне орналастым. Бір жылдай осы басылымда тілші болып жұмыс істедім. Ең алғашқы жұмысымды газеттен бастағанымды мақтан етемін. Өйткені өзіме кәсіпті мол тәжірибе жинадым. Газеттен кейін «Ел шежіре» қоғамдық қорында баспасөз қызметшісі болып жұмыс істедім. 2019 жылдан бері КТК арнасында жұмыс істеймін. Өзім де бұл жерде жұмыс істеуді армандадым, студент кезде де өндірістік тәжірибеден өттім.

А.Мейіржанова: Жұмыс барысында басыңыздан өткен қиын да қызықты сәттеріңізді айтып берсеңіз?

С.Шырынхан: Біздің жұмыс көрерменге күнделікті ақпаратты жеткізу болғандықтан, қиындығы да, қызығы да қатар жүреді. Қиын деп эфирге кетіп бара жатқан материалды дайындап үлгері алмай жатқан сәтті айтар едім. Ол кезде әр минут тұрмақ, әр секундтың қымбат екенін түсінесін. Әсіресе, облыстарға барып сюжет жасағанда қиналып қаласың. Өйткені кешкі алтыда келсек, бір жарым сағаттан кейін жаңалықтар эфирге шығады. Сол уақытта үлгеру үшін барынды

саласын. Ақпараттың бүгін берілмесе, ертең ескіріп кетеді. Болмаса көрермендер басқа арналардан көріп алуы мүмкін. Қызықты дегенде өмірімді түбегейлі өзгерткен сәт есіме түседі. Мен өзімнің өмірлік жарымды жұмыс барысында кездестірдім. Тәжірибеден өтіп, штатқа тілші болып орналасқаннан кейін ең бірінші сюжетім Алматы облысы Жанаталап ауылына арналды. Болашақ жарым сол ауданның баспасөз хатшысы болып жұмыс істейді екен. Осылайша, ең алғашқы сюжетім өмірлік серігіме жолықтырды.

А.Мейіржанова: Журналистикаға жанадан қадам басқан әріптестеріңізге, студенттерге қандай кеңес берер едіңіз?

С.Шырынхан: Ең алдымен ештеңеден қорықпау керек. Менінше, адамдар бір-

бірінен сабақ алу үшін кездеседі. Сондықтан шынайылықтай таймай, қандай адамсын, сол болмысыңмен өзгелермен де қарым-қатынас орната білуің керек. Қандай қызметтегі адам болсын сұрақ қоюдан қорықпай, сөйлеуден қорықпай нақты сөйлей білген дұрыс. Журналист – жанкешті мамандық. «Арқалағаны алтын, жегені жантак» деген журналистерге қаратып айтылған сөз бар. Журналист боламын деген талапкерлерге айтарым, алдында үлкен жүк тұр, соны арқалауға дайын болуың керек. Бұл зор жауапкершілікті талап ететін мамандық. Жәй ғана тапсырма орындап жүретін жұмыс емес. Сенің жұмысыңды бүкіл халық көреді. Сондықтан көрерменге ұсынатын өнімдіміз сапалы болу керек. Сөзің мен ісің тиянақты, әрі жинақы болғаны жөн. Кітапты көп оқып, сөздік қорды молайту керек. Бұл өте маңызды. Табандылық, жауапкершілікпен қоса, білім де керек.

А.Мейіржанова: Сұхбатымыз журналистердің кәсіби мерекесімен тұспа-тұс келген екен. Әріптестеріңізге деген жылы лебізіңізбен бөліссеніз?

С.Шырынхан: Ең алдымен әріптестерімді кәсіби мерекелерімен құттықтаймын. Әрқайсысы өз қалаған биігі мен шынына жетсе екен деп тілеймін. Қай саланың маманы болмасын, өз көрермені, өз оқырманы мен тыңдарманы көп болсын. Шығармашылық табыс тілеймін!

А.Мейіржанова: Әңгіменізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Айдана МЕЙІРЖАНОВА

Жауапкершілігі мол мамандық



Жүзден жүйрік шықты



IFSEC Global Influencers-2022 байқауы түрлі елдердегі қауіпсіздік секторы мен өрт қауіпсіздігі саласында еңбек ететін талантты әрі жетекші мамандарды табуға бағытталады.

Биылғы байқауға жер шарының түкпір-түкпірінен жүздеген адам қатысқан. IFSEC Global байқауында еліміздің атынан жалғыз өзі бақ сынаған Жәния Рахметова Ones to watch номинациясын ұтып алды.

«Негізі Ones to watch номинациясы киберқауіпсіздік саласында кемінде бес жыл жұмыс істеген адамдарға беріледі. Менің киберқауіпсіздік саласында жұмыс істегеніме енді ғана бір жыл болады. Ұтуыма басқа саладан келіп қатысуым, бәлкім, батылдығым ықпал еткен шығар», — дейді Жәния.

Жәния Рахметова КИМЭП университетін тәмамдаған, бухгалтерлік есеп бойынша бакалавр біліктілігі бар. Сондай-ақ Францияда оқуға мүмкіндік беретін Абай-Верн стипендиясын иеленіп, Лилль-1 ғылым және технология университетін жаһандық электронды бизнес саласының магистрі дәрежесінде бітіріп



шықты. Оқу барысында киберқауіпсіздікке қызығушылығы оянып, осы салаға мойын бұрады. Бүгінде ол отандық банкте киберқауіпсіздік бойынша аналитик болып жұмыс істейді, еліміздегі киберқауіпсіздік саласында еңбек етуді қалайтын қыз-келіншектерге көмектеседі.

Айта кетейік, биыл инфлюенсерлер номинациясы бірнеше санатқа бөлінген. Олардың қатарында қауіпсіздік қызметінің жетекшілері, қауіпсіздік тобының менеджерлері, ғылыми қызметкерлер, жеткізушілер/орнатушылар/интеграторлар (*орнату немесе нақты жобалар бойынша, технологиялық инновациялар бойынша үлгілі жұмыс істеп жүргендер*), киберқауіпсіздік мамандары мен пікір қосбасшылары деген санаттар бар. Байқау ережесіне сай, Fire — One to watch саласында бақ сынаушылар осы салада кемінде 5 жыл еңбек етуі тиіс болды.

Байқауға қатысушылар екі кезеңде сынға түсті: алдымен IFSEC Global аудиториясының номинанттары шақырылды, одан кейін түрлі саладан іріктелген әділқазылар әр номинация бойынша ұпай берді. Номинацияға ұсынылғандар ғана төрешілік процесіне қатыса алатын еді.

Қауіпсіздік және өрт қауіпсіздігі бойынша IFSEC Global Influencers 2022 әділқазылар өкілдерінің айтуынша, бұл — конкурстағы жеңіс қауіпсіздік және өрт қауіпсіздігі салаларын дамытуда тынымсыз еңбек етіп жүрген мамандардың талантын бағалау.

(Өз тілшіміз)

Көз жанары сөңбесін

Әлем елдері 13 қараша күні халықаралық зағиптар күнін атап өтеді.

Іс-шараның мақсаты – ғаламшардағы тұрғындарға қоршаған әлемді көру қабілетінен айырылған жандардың бар екендігін естеріне салу. Бұл күн тегіннен-тегін белгіленген жоқ. Өйткені 13 қараша – француз ұстазы, зағип жандардың қамқоршысы Валентин Гаюидің туған күні.



Ол табиғатынан ақкөңіл адам болған. Қоғамдық, қайырымдылық шараларды құр жібермейтін. Сол заманда Париж

жәрменкелерінде көпшіліктің көңілін көтеру үшін зағип жандарды пайдаланған. Оларды келемеждеп, ел алдында күлкі еткен. Жас Валентин мұндай сорақылықты көргеннен кейін зағип жандарға көмектесуге бел буады.

1784 жылы Валентин Гаюи өз қаржысына зағип жандарға арналған мектеп ашып, Брайль шрифті пайда болғанға дейін өз оқу әдісімен оқытады. 1803 жылы император І Александр Гаюиді Ресейге шақырып, Санкт-Петербург қаласында көзі нашар көретін балаларға арналған мектеп ашуды өтінеді. Ол

септесіп, география сияқты пәндерден сабақ берді.

Бүгінде мүмкіндігі шектеулі жандарға, оның ішінде зағип жандарға деген көзқарас түбегейлі өзгерді. Мүмкіндігі шектеулі жандардың бірлестігі мен қоғамдық ұйымдары мемлекет тарапынан айтарлықтай қолдауға ие. Зағип жандардың халықаралық күні олардың әлеуметтік жағдайын ғана емес, әр саладағы жеткен жетістіктерімен де ерекшеленеді.

Мемлекет мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған кедергісіз орта қалыптастыруда. Олардың кез келген ортаға сіңіп кетуіне жағдай жасауда. Сонымен қатар музей, саябақ, қорық, тіпті концерт болсын, барлық жерлерге пандус орнатылып, жағдай жақсарып келеді.

Еліміздегі зағиптар қауымдастығының өміріндегі ең маңызды рөл атқаратыны — біздің республикалық зағип және көру қабілеті төмен азаматтарға арналған кітапхана.

Көздің көре алмауы — жаза емес. Біздің кітапханада Брайль әдісі арқылы, аудио арқылы оқырмандар керегін ала алады. Ең бастысы, жанарымыз сөңбесін. Сондықтан оны сақтай білейік.

Эльмира
ОРАЗБАҚОВА,
Республикалық зағип және көру қабілеті төмен азаматтарға арналған кітапхананың қызметкері



Бас редактор — директор
Срайыл Махатұлы СМАЙЫЛ
Редакция алқасы:

Қуаныш НҮРДАНБЕКҰЛЫ жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Гүлнар АХМЕТОВА — экономика, нарық

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміші

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-caim

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Мерген ТОҚСАНБАЙ—
Ақмола және Солтүстік Қазақстан
облыстары (8 701 312 39 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Нұргүл НАСЫР — Атырау облысы
(8 702 959 80 08)

Мөлдір КЕНЖЕБАЙ —
Шымкент қаласы (8 776 238 55 94)

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы
(8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Меншік иесі:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары
Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-кабат
(*Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы*)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54. Тапсырыс — №1079;
Бағасы келісім бойынша

Таралымы — 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «AirAstana» әуекомпаниясы ұшақтарында бар.

Jas qazaq gazeti «Караан», «Хорошие новости плюс» және KOK TENGRI дүңгіршіктерінде сатылады

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2021 жылдың 03 маусымында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі

Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ68VPY00036247 күшігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.